

| | | | | | | |
|---------------------|---|-----|-----|-----|---|---|
| 100фут ² | | | | | | |
| pH | 7 | 6,9 | 8,7 | 9,4 | 9 | - |

9-шы кестеде байқалған нәтиже бойынша, 10-шы кестеде ыдыратушылардың кеңес берілген жұмыс концентрациясы және температуралары көрсетілген.

Кесте 10 –Ыдыратушылардың кеңес берілген жұмыс концентрациясы және температуралары

| № | Түрлері | Концентрация, г/л | pH | Температура,°C |
|---|---|----------------------|---------|----------------|
| 1 | Хромсыз синтетикалық төмен молекулалы полимер | 1 | 8-9 | Нормал жағдай |
| 2 | Хромсыз танинды ыдыратушы | 10 | 9-10 | 160 дейін |
| 3 | Құрамында хромы бар лигносульфонатты ыдыратушылар | 20 | 8,5-10 | 160 дейін |
| 4 | Натрий триполифосфаты | 3 | 8-9 | 60 дейін |
| 5 | Пирофосфаттар | 4 | 4,5-5,5 | 160дейін |
| 6 | Нитрилотриметилфосфанды қышқыл | 0,2 | 9-9,5 | 160 дейін |

Зарядталған әр аттас сазды бөлшектер және БАЗ арасындағы күш әсерінен гель тәріздес құрылым пайда болады. Д.В. Тищенко ойы бойынша [61] «қорапты құрылым» пайда болуына сутектік байланыс үлкен әсер етеді. Реагенттер молекулаларының сазды минералдардың иондары және атомдарымен байланысу нәтижесінде қолданылмаған еркін валенттілік толығымен немесе жарым-жартылай қанығып, бөлшектер арасындағы байланыстың төмендеуіне, ал содан кейін жүйенің ыдырауына және гелдің әлсіреуіне алып келеді.

Реагенттердің (гуматты, лигносульфонатты, полифенолды) донорлы-акцепторлық қасиеттерін полярографиялық зерттеу нәтижесі бойынша олардың кальций,алюминий және темірмен берік кешен түзуге қабілетті беттік-әрекетті заттар екені анықталған. Осылайша, ыдырату әсерін түзу үшін реагент молекуласы (ионы) сазды бөлшектің реакцияға қабілетті атомдарының кем дегенде екі байланысымен үйлесуі қажет. Келесі 11-кестеде саздардың минералогиялық құрамы мен алмастыру кешенін ескерген кездегі әсері қарастырылған.